

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 маусымдағы N 218 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 5 шілдеде N 2302 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы N 132 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 11.05.2016 N 132 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31-бабы 1) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-2) тармақшаларына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағындағы жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің орынбасары Айнагүл Кәкімжолқызы Бектасоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Нұракаев